

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
2026 жылғы «6» наурыз № 124
мен Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2026 жылғы «10» сәуір № 84-нб
бірлескен бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасында «Саламатты мектеп» мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту
жөніндегі 2026 – 2028 жылдарға арналған іс-шаралар
ЖОСПАРЫ

№	Іс-шаралар атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру
1	2	3	4	5	6
1. Ұйымдастырушылық-әдістемелік іс-шаралар					
1.	«Саламатты мектеп» мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2026–2028 жылдарға арналған өңірлік іс-шаралар жоспарларын әзірлеу және бекіту	Бұйрық	ЖАО (ДСБ, ББ) (келісу бойынша) СЭБК АД	2026 жылғы сәуір	Талап етілмейді
2.	2026–2028 жылдарға арналған Қазақстан Республикасында «Саламатты мектеп» мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі	Бұйрық (ДСБ, ББ)	ЖАО (ДСБ, ББ) (келісу бойынша) СЭБК АД	2026 жылғы сәуір	Талап етілмейді

	іс-шаралар жоспарын іске асыру бойынша өңірлік үйлестірушілерді бекіту				
3.	ДДҰ-ның Қазақстан Республикасында денсаулықты нығайтуға ықпал ететін мектептерді енгізу жөніндегі нұсқаулығын (бұдан әрі – ДДҰ Нұсқаулығы) іске асыру жөнінде әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу	Әдістемелік ұсынымдар	ҰДСДҒО, ҰҒПДТО, ДДҰ (келісу бойынша)	2026 жылғы сәуір	Көзделген қаражат шеңберінде
4.	Орта білім беру ұйымдарының педагогтері оқу сабақтары барысында білім алушылар жарақат алған және шұғыл жағдайлар туындаған кезде іс-әрекет ету алгоритмін әзірлеу және бекіту	Алгоритм	ҚР ОМ, ҰҒПДТО, ҚР ДСМ, ҰШМУО	Шілде 2027 жыл	Талап етілмейді
5.	Балалардың денсаулығын нығайту мәселелері бойынша орта білім беру ұйымдарының медицина қызметкерлері, педагог және педагог-психологтар арасындағы ведомствоаралық өзара іс-қимыл механизмін бекіту	Бұйрық	ҰДСДҒО, ҰҒПДТО	2026 жыл сәуір	Талап етілмейді
6.	Орта білім беру ұйымдарында дене шынықтыру жаттығуларын жүйелі түрде өткізу тұрақтылығын қамтамасыз ету	ҚР ОМ ақпарат	ЖАО (ББ) (келісу бойынша)	Тұрақты	Талап етілмейді

7.	Орта білім беру ұйымдарының қызметін ДДҰ Нұсқаулығына сәйкес өзін-өзі бағалау нәтижелерінің мәлімделген көрсеткіштеріне сәйкестігіне талдау жүргізуді қамтамасыз ету	ҚР ДСМ, ҚР ОМ ақпарат	ҰДСДФО, ҰҒПДТО, ЖАО (келісу бойынша)	2026 – 2028 жылдар	Талап етілмейді
2. Мектеп оқушыларына медициналық көмек көрсетуді жетілдіру					
8.	Орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін дәрі-дәрмекпен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету	ҚР ДСМ ақпарат	ЖАО (ДСБ) (келісу бойынша)	Тұрақты	Жергілікті қаражат
9.	Орта білім беру ұйымдарының медициналық пункттерін компьютерлермен жабдықтау, үздіксіз интернет байланысын қамтамасыз ету	ҚР ДСМ ақпарат	ЖАО (ДСБ) (келісу бойынша)	Тұрақты	Жергілікті қаражат
10.	Орта білім беру ұйымдарында алғашқы көмек қобдишасының болуын және қолжетімді жерде орналастырылуын қамтамасыз ету	ҚР ДСМ ақпарат	ЖАО (ДСБ) (келісу бойынша)	2027 – 2028 жылдар	Жергілікті қаражат
3. Білім беру құзыреттілігін дамыту					
11.	Қазақстан Республикасында ДДҰ Нұсқаулығына сәйкес өңірлік үйлестірушілерді оқытуды ұйымдастыру	ҚР ОМ, ҚР ДСМ ақпарат	ҰДСДФО, ҰҒПДТО, ЖАО, ДДҰ (келісу бойынша)	2026 – 2028 жылдар	Көзделген қаражат шеңберінде
12.	Орта білім беру ұйымдарында медицина қызметкерін алғашқы	ҚР ДСМ ақпарат	ҰШМУО, ЖАО	2026 – 2028 жылдар	Жергілікті қаражат

	көмек көрсету дағдыларына каскадты оқытуды одан әрі жүргізу мақсатында өңірлердің жедел медициналық жәрдем станцияларының фельдшерлері қатарынан алғашқы көмек бойынша сертификатталған жаттықтырушыларды даярлау		(келісу бойынша)		
13.	Орта білім беру ұйымдарының педагогтері мен педагог-психологтарын алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту	ҚР ДСМ ақпарат	ҰДСДҒО, ҰҒПДТО, ЖАО (келісу бойынша)	2026 – 2028 жылдар	Жергілікті қаражат
14.	10-11 сынып оқушыларын бастапқы әскери даярлық сабақтары шеңберінде алғашқы көмек көрсету дағдыларына оқыту	ҚР ОМ ақпарат	ЖАО (ББ) (келісу бойынша)	Тұрақты	Талап етілмейді
4. Ақпараттық-түсіндіру жұмыстары					
15.	Орта білім беру ұйымдарында саламатты өмір салтын насихаттау, денсаулықты нығайту және инфекциялық емес аурулардың профилактикасы жөнінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу	ҚР ДСМ ақпарат	ЖАО (келісу бойынша), ҰДСДҒО	Тұрақты	Талап етілмейді
16.	«Саламатты мектеп» бағдарламасын бұқаралық ақпарат құралдарында, ресми интернет-ресурстарда және әлеуметтік	ҚР ДСМ, ҚР ОМ ақпарат	ЖАО ((келісу бойынша)	2026 – 2028 жылдар	Жергілікті қаражат

	желілерде бейнероликтерді трансляциялау және ақпараттық материалдарды жариялау арқылы дамытуды іске асыруды ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз ету				
17.	«Саламатты мектеп» бойынша Форум өткізуді ұйымдастыру	ҚР ДСМ, ҚР ОМ ақпарат	ҰПДТҒО, ҰДСДҒО, ЖАО, ДДҰ (келісу бойынша)	2026 жыл	Көзделген қаражат шеңберінде
18.	«Денсаулыққа ықпал ететін мектептер» (https://hps.nrchd.kz/) веб-сайтына атқарылған жұмыс туралы ақпараттарды орналастыру	Ақпаратты орналастыру	ҰДСДҒО	Тұрақты	Қажет емес
5. Жоспардың іске асырылуына мониторинг жүргізу					
19.	Білім алушылардың профилактикалық тексерулерінің нәтижелеріне талдау жүргізу	ҚР ДСМ, ҚР ОМ талдамалық анықтама	ҰДСДҒО	Токсан сайын	Көзделген қаражат шеңберінде
20.	Қазақстан Республикасында «Саламатты мектеп» мектеп жасындағы балалардың денсаулығын нығайту жөніндегі 2026–2028 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының іске асырылуына мониторинг жүргізу.	ҚР ДСМ, ҚР ОМ талдамалық анықтама	ҰДСДҒО, ҰПДТО	2026 – 2028 жылдар	Көзделген қаражат шеңберінде

Қысқартылған сөздер тізімі:

ҚР ДСМ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі;

ҚР ОМ – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі;

ЖАО – Жергілікті атқарушы органдар;

ҰҒПДТО – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы»;

ҰҒДСДО – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сақтауды дамыту орталығы»;

ҰШМҮО – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Ұлттық шұғыл медицинаны үйлестіру орталығы»;

СЭБК АД – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің аумақтық департаменттері;

ББ – Білім басқармасы;

ДСБ – Денсаулық сақтау басқармасы;

ДДҮ – Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы.